

AKMOLA.KZ

TABEL.AKMOLA.KZ WEB-ҚОСЫМШАСЫНДА


ГЕОЛОКАЦИЯҒА ҚОЛЖЕТКІЗУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

iOS жүйесінде геолокацияға қолжетімділік

1-қадам. «Баптаулар» > «Құпиялылық және қауіпсіздік» > «Геолокация қызметтері» бөліміне өтіңіз.

2-қадам. Геолокация қызметінің қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.


3-қадам. Тізімді төмен қарай жылжытып, қажетті қолданбаны (өзіңіз қолданатын браузерді, мысалы, Google Chrome, Safari және т.б.) табыңыз.



iOS жүйесінде геолокацияға қолжетімділік

4-қадам. Қолданбаны таңдап, келесі нұсқалардың бірін таңдаңыз:

- «Келесі жолы немесе мен бөліскенде сұрау»: Бұл жағдайда сіз келесі нұсқалардың бірін таңдай аласыз: «Қолданбаны пайдалану барысында», «Бір рет рұқсат ету» немесе «Рұқсат етпеу».
- «Қолданбаны пайдалану барысында»: Геолокация қызметтерінің деректеріне қолжетімділік тек қолданба немесе оның қандай да бір функциясы экранда ашық болған уақытта ғана рұқсат етіледі. Егер осы нұсқа таңдалса, қолданба орналасқан жер туралы деректерді пайдаланған кезде күй жолағы көк түске боялуы мүмкін.
- «Әрқашан»: Орналасқан жер туралы ақпаратқа қолжетімділік қолданбаға фондық режимде де рұқсат етіледі.




Android жүйесінде геолокацияға қолжетімділік

1-қадам. Телефонның Баптаулар бөлімін ашыңыз.

2-қадам. Орны бөліміне өтіңіз.

3-қадам. Функцияны қосу үшін жүгірткіні оңға қарай жылжытыңыз.

4-қадам. Белгілі бір қолданбаға қолжетімділік беру үшін «Қолданба рұқсаттары» бөлімін ашыңыз. Тізімнен қажетті қолданбаны (өзіңіз қолданатын браузерді, мысалы, Google Chrome, Safari және т.б.) табыңыз.



Android жүйесінде геолокацияға қолжетімділік

5-қадам. Қолжетімділікті беру үшін төмендегі нұсқалардың бірін таңдаңыз:

- «Кез келген режимде рұқсат ету»: Құрылғының орналасқан жері туралы деректер қолданбаға әрқашан қолжетімді болады.
- «Қолданбаны пайдалану кезінде ғана рұқсат ету»: Орналасқан жер туралы деректер тек қолданбаны пайдаланған кезде ғана қолжетімді болады.
- «Әр кезде сұрау»: Қолданбаны қолданған сайын орналасқан жерге қолжетімділікке рұқсат сұрайды. Рұқсат қолданбаны жапқанға дейін әрекет етеді.

